

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№7 ХАТТАМАСЫ**

Түркістанқаласы

27.04.2023 жыл

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD Д.Ш.Шауенов, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ж.Е.Нұрматов, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Б.Сайфунов, АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Р.Хәзіретәліқызы, АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент м.а. А.Д.Сандыбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – К.Семиз, АК мүшесі, академиялық персонал – ХҚТУ доценті С.Қ.Оразбай, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Төлеген, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Бейсенов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.Халықов, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Мауқенбай, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Б.Мауленкүл, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Алибек.

**Күн тәртібі:**

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау
3. Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу
4. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.
5. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды**

**1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау**

АК төрағасы мен мүшелері ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында дінтану-теология ББ бойынша сұранысқа жауап бере алатын сапалы маман дайындау мақсатында 240 кредиттен 260 кредитке көтеру үшін айтылған ұсынысқа университет басшылығының оң қабақ танытып, қолдау көрсеткендігін және 2-8 қосымша үшін қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын сатып алуға факультеттерден ұсыныс беруге мүмкіндік жасауын ББ үшін үлкен қолдау екендігіне тоқталды.

**Шешім:** ББ іске асыруда университеттің мүмкіндіктері ескерілсін.

**2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау**

Әр білім беру бағдарламасы бойынша пән оқытушыларының тізімі адам ресурстары бөлімі берген үлгі бойынша гулг дискте excell форматында

дайындалып, аты-жөні, жсн, мекен-жайы, жұмыс орны, бітірген оқу орны, дипломдары, беретін пәндері, біліктілік сертификаттары және сол пәндер бойынша пән оқытушысының біліктілігінің сәйкестігі анықталып көрсетілді.

**Шешім:** ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықталып, гугл дисктегі форма толтырылды деп есептелсін.

**3.Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу**

Дінтану-теология ББ жұмыс берушілердің сұранысына орай 260 кредитке көтеріліп, араб тілі мен құрантану пәнінің кредиті де артқандықтан және университет басшылығының дінтану-теология саласына аса мән беріп Түркиядан ана тілі арапша оқытушы алып келу мүмкіндігі бар екендігі, бұл бойынша ректор өкілі П.Батталға ұсыныс берілу керектігі түркиялық дінтанушы профессорлар тарапынан ортаға салынды.

**Шешім:** Ана тілі арапша тіл маманын Түркиядан алдырту туралы ұсыныс жасалынсын.

**4.ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.**

АК мүшелері Теология факультеті ОПК тарапынан 11 оқу құралының дайындалып жатқандығын, Діндер тарихы (6,1 б.т.) мен Дін және заңнама (6,2 б.т.) оқу құралдары шыққандығы, маусым айында 2 оқу құралы шығатындығы, дегенмен 2-8 қосымша үшін бұл жеткіліксіз екендігін ортаға салды. Берілген ұсыныста тізімде көрсетілген Ресей баспаларынан шыққан оқулықтарды университет сатып ала алмайтындығы, тек Қазақстан баспаларынан шыққан оқулықтар сатып алынатындықтан тізімнің қысқарғандығы айтылды.

**Шешім:** Жетіспейтін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың тізімі қайта дайындалсын.

**5.Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау**

7М02262-Теология, 7М02211-Дінтану, 6В02229-Теология, 6В02266-Исламтану ББ сәуір айында есувоға жүктелді. 27.03.2023 ж. Теология факультетінің деканы Д.Кенжетаев тарапынан бакалавриаттық жаңа 6В02286-Философия-дінтану және 6В03187-Психология-дінтану ББ жасау жөнінде шешім қабылданып, жұмыс тобы құрылды.

**Шешім:** сәуір айында атқарылған іс шаралар оңды деп қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Д.Шауенов

Хатшысы:



М.Төлеген